


А 2006
8123 1/2

ӘЖІМ

ТАРАЗИ



БҰЛТҚА
САЛҒАН
ҰЯСЫН



ӘКІМ ТАРАЗИ



БҰЛТҚА САЛҒАН ҰЯСЫН

РОМАН ЖӘНЕ ХИКАЯТТАР

1



АЛМАТЫ "САНАТ" 1997

ББК 84 (5 каз)
Т 21

Қазақстан Республикасының Ақпарат
және қоғамдық келісім министрлігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

Тарази Ә.

Т 21

Бұлтқа салған ұясын: Роман және хикаяттар.— Алматы.
“Санат”, 1997. 368 бет
ISBN 5—7090—0379—4

Көркем әдебиет тағдыры да адам тағдыры тақылеттес: өрлей шауып озатын шағы болады, құлдырай құлап тозатын шағы болады. Асып та кетпей, тасып та кетпей, жанға жайлы жол жорғадан айнымай, ұзаққа сілтейтіндері де кездеседі.

Заманға жаман күйлейтінін, заманы оны илейтінін Абай айтқан. Мәңгі-бақи мызғымайтын жартастай көрінетін мықтылардың етегінен ұстаймын деп Уақыт мұхитының құрдымына кеткен шығармалар қанша.

Өзіне сенген, өлмес сөзіне сенген автордың ғана жолы айқын. Ондай қаламгер түлкі заманды тазы болып шалмайды. Және де мұнысына өкінбейді. Сондай жазушылардың бірі — Әкім ТАРАЗИ. Қолыңызға ұстап тұрған “Бұлтқа салған ұясын” атты кітап соның айғағы.

Т $\frac{4702250201 - 034}{416 (05) - 97}$ хабарландырусыз 97.

ББК 84 (5 каз)

ISBN 5—7090—0379—4

© Әкім Тарази, 1997 ж.

БҰЛҚА САЛҒАН ҰЯСЫН

РОМАН

“Где выражение зла, которого должно избегать? Где выражение добра, которому должно подражать в этой повести? Кто злодей, кто герой ее?”

“...Герой же моей повести, которого я люблю всеми силами души, которого старался воспроизвести во всей красоте его и который всегда был, есть и будет прекрасен — правда”

(Л.Н.ТОЛСТОЙ)

БІРІНШІ ДӘПТЕР

1

Осы жас қаланың өзі ескі қала, жаңа қала болып екіге бөлініп үлгеріпті. Ескі қала тау етегіне таяу, нұқыл төрт пәтерлік екі қабат үйлер, үйлердің көше жақ беті веранда: верандалар көрінбейді — барлық үй жүзіммен “әдіптелген”. Жаңа қала төменде: кілең бес қабат өңкіген үйлер, үйлердің айналасында шыбықтар сидияды.

Мирас пен Әлиге қала ұнады. Бұлар жаңа қаланы аралап өтіп, жаңа кинотеатрды көріп, жаңа көшелердің бірімен келіп ескі қаланың тып-тыныш бір аллеясына кіре бергенде Мамыржан “өнер шығарды”.

— Ал, жігіттер, хош келіпсіздер, мынау біздің үй! — деді.

Мирас пен Әли аң-таң, бұлай болар деп ойламаған.

— Бұ қалай?

— Біз басқаша келісіп едік қой.

— Сіздің үйге кейін келерміз...

— Мамыржан, сенің бұның дұрыс емес! — дей берді екеуі де сасқанынан. Мамыржан енді ештеңеге көнетін емес.

— Қадиша, әй Қадиша! — деп айқай салды. Екінші қабаттағы балконға көзілдірікті қыз бала шықты да қайта кіріп кетті. Іле-шала балконда жылы жүзді келіншек көрінді?

— Иә, саламатсыздар ма? Үйге неге кірмей тұрсыздар?

Амал жоқ, Мирас пен Әли қапылыста қолға түскен тұтқындай сүмірейіп-сүмірейіп үйге кірді.

Қадиша ақ көңіл ақ жарқын жан болар. Кірер-кірместен өзімсіп сөйлеп жүр. Даусы да сыңғырлап әдемі шығады, жүзі ашық, көзі тап-таза.

— Үш күн болды күткеніме. Жоқ болып кеттіндер емес пе? Мына жарықтық та үйге бір телефон соға салуды білмейді. Қонақтар келеді, қарсы аламын деп кеткен, содан жоқ. Жұмысынан да іздеп жатыр. Мен түсіндіріп айтқан болдым,— дейді.— Ал шешініңдер, жоғары шығындар.

Бөтенсуді білмейді, өмір бойы таныс адам сияқты.

— Е-е, дәу де болса, Мирас деген сен болуың керек. Әли деген сен болуың керек,— дейді және дәл тауып тұр.

Мамыржанның ендігі түрі аю атып олжалы қайтқан аңшы сияқты, немесе ата жауын қирата жеңіп бір топ құл айдап келген батыр сияқты. Аюы да, құлы да Мирас пен Әли.

— Раушан, Талғат, Дулат бері шығындар!— деп даурықты. Коридорға көзілдірік киген ересек қыз бала мен ұзын-ұзын екі ұл бала шықты.— Міне, жазушы дядялар— қарап алындар, көріп алындар. Бұлар қолға түсе бермейді. Мынау ағаларың — Мирас Құлдыбаев, мынау ағаларың — Әли Есентаев! Білесіңдер ғой!

Балалардың ең кішісі:

— Білеміз,— деді.

— Бәрі де біледі, бәрі де оқыған!— деп жатыр Қадиша. Әкесінің мына қылығына балалар қысылып тұр, оны Мирас сезіп тұр, Мамыржан сезер емес, бөсіп тұр.

— Біздің үйде осындай жазушылар болды деп мектепте айтсаңдар көбінің іші күйіп өледі. Жазушы! Жазушының өзін көру оңай ма?— Әкесі үшін балалар қысылып барады, сол ыңғайсыз сәттен қалай шығарын білмей Мирас пен Әли қиналып барады.

— Мынау менің тұңғышым, аты — Раушан. Оныншы класта, оқу озаты! Мынау менің ортаншым — Талғат, тоғызыншыда, оқу озаты, мынау менің кенжем — Дулат, Алматыда туып еді, атын сондықтан Дулат қойғанбыз, сегізіншіде, оқу озаты. Раушан математик болмақ, Талғат кенші болмақ, Дулат — прокурор болмақ.

Раушан тым ұяң момын көрінді. Талғат та жуас па қалай, прокурор болатын Дулат өткір сияқты, әзілқой сайқы—мазақтау шығар, жұрттың сөзін тыңдағанда көзінің қорығынан жалтылдап от көрініп қалады. “Болса — болар” деп ойлаған Мирас.

Ыңғайсыз жағдайдан Қадиша құтқарды.

— Жарайды, сабақтарыңа дайындалындар. Қонақтар дем алсын, тағы сөйлесесіңдер ғой.

Қоңақ бөлме кең, жасаулы екен. Көк түс пен қызыл түс басым. Қабырғада да, еденде де даладай—даладай кілемдер. Қымбат телевизор, қымбат пианино. Хрустальдің неше түрі. Бақуат үйдің сыңайы.

— Алдымен жуынып—шайынып алыңыздар. Содан соң шәй берем. Содан соң бір—екі сағат дем алып алыңыздар.— Қадишаның жайдары мінезі, өзімсіп сөйлеуі қонақтарға жәйлі әсер еткен, ендігі жерде бұлар қысылған жоқ.

Әли адамдарды “жаман”, “жақсы” деп бөлмейтін. Ол үшін адамдардың бәрі адам. Ал кейде біреумен шатасып келіспей қалатын сәттер болса — ол адамның жамандығынан емес, сол сәттің ыңғайсыздығынан деп білетін. Сондықтан да оның жанында еш жанға кек сақтау, жек көру дейтін болмайтын, сондықтан да ол бүгін ажырасқанына жарты жыл болған әйелімен түсінде көңілді кездесіп жүр екен.

Алтайдағы өз ауылы екен дейді. Ауыл желкесіндегі таудың еңістеу бір алаңында жердің астынан сарқырап шыға келіп, жүз метрдей барған соң жердің астына қайта сіңіп жоқ боп кететін суы мол, ағысы қатты өзен бар еді. Жұрт оны — “Шайтан су” дейтін, суын ішпейтін. Соның жағасына жапғыз ұлы Ұлықбекті жетелеп келіпті. Желсіз қапырық күн, әкелі-балалы екеуі де алқынып барады. Сарқыраманың жағасына жата қалып ішпек болады, ағысы қатты су ауыздарына жұқпайды, алақандарын малып салқындамақ болады. Сынап сияқты қолға да жұқпайды. Әли ыза болып тұрып кетті. Баласы да тұрды. Екеуі қайтадан тізерлеп келіп, суға қайта бас қойды — махрұм әрекет. Біреу бүйірінен түртті, қараса — әйелі, мысық көздері жылт-жылт етеді, бірдеңе ымдайды, әлде бір іске шақыратын тәрізі бар.

— Әй, айтарыңды ымдамай-ақ айта берсей.

Әйелі сөйлемейді, ымдап білдіреді. “Ана баланы жібер ойнасын, біз екеуміз былайырақ жүріп қайталық” дей ме, қалай.

— Ерікпеші ей, Әлия, — дейді Әли, — ондайға зауқым жоқ.

Әйелінің аты Әлия еді, бұларды жолдастары “Әли — Әли” деп мазақтайтын. Қызғылт көзі жылтылдап жақындап келді әйел. Күйеуінің иығына қол салды.

— Кетші әрі, сең-ақ өліп тұрады екенсің! — Әлидің үнінде зіл жоқ, көніп тұр. Ұлықбек ғайып болған, өзен де жоқ, тау да жоқ, көніп тұр. Әли әйелімен әуре. Әлия бұны жетектеп алған, қалың жүзімнің арасымен келіп ашық алаңқайға шықты. “Осы жер” Екеуі көгалға отырмақшы еді, алаңқайдың арғы шетінде шалбарын түріп алған имек мұрын әлдекім балшық илеп тұр екен. Бұлар қол ұстасқан күйі тағы кетті. Әлия әлде неге асығыс, демі жиілеп, күрсіне береді, есіней береді, оң қолымен жүрегін басып алған, Әлиді жетелей сүйреп келеді.

— Әй, сайтан, қолымды ауырттың! Жібер, өлемісің ей! — деп күледі Әли. Әлия да күледі, сықылықтап еркелеп күледі. Енді бұлар ескі бір бұзылған үйдің қасына келді — есік-терезе жоқ, “сносқа жататын үй екен” дейді Әли. Екеуі ентігін баса алмай біраз тұрды, сосын ішке кірді, үйдің іші ыластау екен, қайта далаға шықты. Бұрыштан сақалды біреудің басы көрінді, әлгіні байқап қалған Әлияға тіл бітті.

— Мен анадан сұрап келейінші, отырып сөйлесетін ыңғайлы орын біле ме екен, білсе бізге көрсетіп жіберсін, — дейді. Дейді де Әлия

ғайып болады. Әли әлі тұр, әлі тұр. Әлия жоқ. Үй артында қалың жүгері бар екен дейді. Оны бірақ Әли көрмейді. Сезді. Сол жүгерінің арасынан еркектер мен әйелдердің құпия сырлы күлкісі естіледі.

Әли дәл осы кезде оянып кеткен. Әйтсе де өзін-өзі алдаусыратып біраз жатты, Әлия қайтып келу керек емес пе, түстің сюжетін көңілінде өрбіте түсіп аз-кем жатты да, анық оянды. Қасындағы төсекте Мирас жатқан, ол жоқ. Түн болыпты. Қонақ бөлме толған кісі, гу-гу әңгіме, бір-біріне кезек бере қоймайтын даурыққан дауыстар, қосарланып шыққан күлкі.

Ана бөлмедегі күлкімен Әлидің көңлі сай емес. Со жаққа бармаса, жатса осылай, жаңағы Әлияны қайта көрсе, Ұлықбек қайда кетті, соны тапса. Өзі жүдеңкіреп қалған-ау, папалап Әлидің бауырына тығыла береді ғой. Іші ит жыртқандай, Ұлықбегін сағынды. Амал қанша, қайта барар жол жоқ. Шың басына шыққан сатыны өзі итеріп құлатқан. “Әли бір кетпейді, бір кетсе қайтып оралмайды. Қабанбай әулетіне біткен қасиет бір қисаймайды, қисайса қайта түзелмейді, мейлі жөн болмасын, бәрібір айтқанынан қайтпақ емес”.

Әлидің әдеті өзі туралы үшінші жақта ойлайды: “Кінә Әлиде емес, Әли семьясын бұзбауға барын салған. Қойсай деген, тыныш жүрсей деген, “шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды”, көршілердің пышпышы тегін емес”, — деген. Көнді ме, көнбеді. Әли командировкаға барып келген сайын көршілері көп жымыңдайды. Әли оған қалай шыдайды. Уәлидің талтақай семіз қатыны келіп, Әлиге жаны ашыған боп, Әлияға ұрысты емес пе? Әли кімнен кем, неге қорлайсың біздің елдің жігітін деп. Сонда Әли әйеліне жақ болған, талтақай семіз қатынды үйден қуып шыққан. Семья менікі, өзім шешем деген. Әлидің со жақсылығын ол түсінді ме, қойды ма? Түсінбеді, қоймады. Әли не істесін енді? Бір күн мас боп келіп айтты емес пе: ей сен! — деп — мына Ұлықбекті бақытсыз қыламыз ғой енді! — деп. Түсінді ме, қойды ма? Түсінбеді де, қоймады да. Сен маған жала жабасың! — деп жылаған жоқ па. Ақыры, Әли бір сапардан қайтқанда Ұлықбек айтып қойды ғой. “Азып кетіпсің ғой, не болды?” дегенде, “ұйықтай алмай жүрмін! — деді ғой жалғыз. — Ылғи бір дядя келеді. Мамам мені сенің кабинетіңе жатқызады. Мен жалғыз қорқам. Өздері спальниді іліп алады” деп, Әлиде не кінә? Әли ішкіш болса екен. Әли ақша таппайтын болса екен, Әли жеңіл жүріске салынса екен, Әли қатыгез, арам болса екен. Әли дарынсыз болса екен, Әли атақсыз болса екен! Әли, сенікі жөн. Ұлың төртінші бітірсін, соттассаң да қолыңа алып ал. Сосын — жаз, жаз, жаз. Бұл өмірге келгендегі сенің миссияң — жазу! Жаз!”

Әли күрсініп қалып, аунап түскен. Саққұлақ Мирас естіп қалды.

— Ура, жолдастар, Әли оянды! — деп айғай салды. “Қап, ит-ай, бүлдірді-ау!”

— Әл-аға, тұр! Сен бүйтіп ұзақ ұйықтамаушы едің, тәтті түс көріп,

соны қимай жаттың—ау шамасы! “Өзінің әулиелігі бар, сезіп қояды”. Мирас жұлмалап жатыр. Жұрт естісін дегендей даурығып қатты—қатты сөйлейді.

— Тұрғын енді, тұрғын! Қонақтар сені күтіп отыр. Армандары сені көру, көру де өлу! Ұлмекен деген бір келіншек Әлиді көрген сәтте өлсем арманым жоқ!— дейді. Рас па, Ұлмекен!

Қонақ бөлмеден:

— Рас, рас!— деген әйел үні жетті. Іле—шала көңілді күлкі бұрқ етті. Әли ашуланарын да, ашуланбасын да білмейді.

— Тоқтасай енді, Мир—аға. Бара берсей жұртты дүрліктірмей. Мен жалаңаш шықпаймын ғой, жуынайын, киінейін.

— Жарайды, тез кел!— деп Мирас шығып кетті.

Содан бұл жуынып, киініп жиын ортасына барғанша Мирас Әли туралы екі—үш анекдот айтып жұртты мәз—мейрам қылғанға ұқсайды. Бұл келіп төрге, Мирастың жанына жайғасқанда көпшілік бұған сүйсіне қарап, күле қарап қалыпты. Жұрт бұған қоярда қоймай “штрафной” ішкізді. Сосын Мамыржан Әлиге қонақтарын таныстырды. Әлидің байқағаны: ешқайсысының келуі тегін емес, осы үйге керек жандар. Мамыржан өзі қалалық сауда бөлімінде орынбасар. “Бір” деп қойды Әли. Шойын қарадан жоғары отырған және бір шойын қара қалалық атқару комитетінде сауда, транспорт бөлімінің бастығы екен. “Екі” деп қойды Әли. Екі шойын қарадан жоғарырақ жайғасқан жуан қара тексеру мекемесінде бөлім бастығы екен. “Үш” деп қойды Әли. Ең төрде отырған арық сары бұлардан үлкен бастық екен. “Төрт” деп қойды Әли. Мамыржан “сол үйдегілерді” де таныстырған: төртеуі де үлде мен бұлдеге оранған, саусақтары сығылысқан алтын, құлақтары да үзіліп кетпей әрең тұр, мойындарын қия келіп төсті баса құлаған салмақты тастар және бар. Төртеуі де елуінші жылдардың соңы мен алпысыншы жылдардың басында бой жеткен болар, сол кездегі қоқима шашпен қалыпты. Мамыржан Әлиді “официально” таныстыруды міндет көрді. “Біздің құрметті қонағымыз” деп бастап егжей—тегжейлі таныстырып жатыр. Екеуінің интернатта бірге оқығанын айтты, “ол кезде балалардың ішінде ең кішкентайы, ең әлсізі еді, бұны мұндай мықты боп кетеді деп кім ойлаған”; Әлидің қанша кітабы шыққанын айтты, “біздің үйде төртеуі де жинаулы, газет—журналдарға шыққан әңгіме—мақалаларын жібермей оқып тұрамын, әсіресе —Қадиша жібермейді”; соңғы жарты жылдан бері бұның Алматыдан кетіп қалып, Тасқалада облыстық газетте қызмет істеп жүргенін айтты, “кейбір себептермен... бірақ астанаға қайтып кететіні белгілі ғой. Бұлар қарап жүрмейді ғой, өмір зерттеп жүреді”.

— Өмір зерттеп жүр?! Қызық екен, онда, қайын боларсыз, әлде құрдас боларсыз, мені зерттеңізші!— деп Ұлмекен атанған келіншек жылмандап кеп Әлидің қасына отыра кетті.

— Оу, жаңа ғана маған зерттетем деп отыр едіңіз ғой?

— Бұл қайнымның сізден артық жері — бойдақ екен.

— Қап, астаналық жігіттер, мұнда тірі күйеуі отырғанда, екеуің жалғыз әйелімді бөліп-жара бастадыңдар ғой.

— Сен тыныш отыр, зерттеу қолыңнан келмейді сенің!

— Қап, мынау құртты-ау!

— Өзіңе де сол керек, өзіңнен он бес жас кіші қызға үйлен деген кім бар еді саған?

— Оның рас: Отырмыз ғой, міне, өзімізбен бірге қартайған келіншегімізбен. Бұларға ешкім қызықпайды.

— Неге қызықпасын, қызықтырғымыз келсе — қызықтырамыз ғой.

— Әне, әйтпесе!

— Ұлмекен бәрімізден жас, сол бастап берсін деп отырмыз. Со-сын қайындарымыз бізді де зерттейтін шығар. Біздің өміріміз де бір-бір роман.

Бүгін мұнда жиналған бес семья көп жылдан бері аралас-құра-лас тұратынын Әли сезді, “түсінікті” деп қойды.

Әли жалғыз өзі үш-төрт сағат сөйлеуге бар, бірақ ұшқыр тіл, қағытпа қалжыңға жоқ, сондықтан да дастархан басындағы әзіл-ос-пақ әңгімеден шет қалды, сондықтан да көңілі бұзылды, сондықтан да баса-баса тартып жіберді, сондықтан да өзімен-өзі “сөйлесіп” кетті.

“Мир-аға нағыз ит қой, ит. Әйел затын көрсе көзі жанып кетеді. Бүгін көңілді де болады, өлең де айтады, билейді де! Мына өзі сияқты Ұлмекенді көргесін жайнайды енді. Осында ылғи еркектер отырсын-шы, тіс жармас еді. Өзі де көңілді кезінде сұлу болып кетеді. Мынау Ұлмекен іздегенге — сұраған. Әлидің қасына отырып, Әлимен қалжыңдаған болады. Әлидің ондайға жоқ екенін бірден сезген ғой. Күйеуі менімен қалжыңын кешіреді. Мираспен қалжыңын кешірмес еді. Соны біледі, сұм. Әлиге қарап айтылған сөз — Мирасқа арналған. Мирас та “жеңгелер” — дейді, “лері” өтірік, Оның да бар ниеті Ұлмекен. Әй оңбайсың-ау, Мир-аға, оңбайсың! Көшеде екі қыз кездесе со-ның тәуірлеуіне табанда ғашық бола қаласың. Ертең-ақ Ұлмекенді ұмытасың, тағы бір Ұлмекен шығар алдыңнан! Әй, Мир-аға итсің-ау, итсің!”

Ұлмекен Мирасқа “өлең айт” деп жабысты. Мирас “бәріміз қосылып айтайық” деді. Қазір бәрі “Қаламқасты” айтып отыр.

“Жұртпен бірге айтып даусын баптап алмақ, содан бір шырқамақ қой! Әй, Мир-аға, қусың-ау! Ұлмекеннің күйеуі мына шойын қара. Жасы көп болса қырықта. Шашы ағарған. Он бес жас кіші. Сонда әйелі жиырма бесте делік. қыз сияқты. Белінің қайқаюына қарағанда мектепте гимнастикамен айналысқан. Әдебиетті көп оқыған, роман-тик болар. Осыны бір жерде жолдас Әли көрген сияқты. Ә-ә, жапон қыздарының суреттері болушы еді, аударып қалсаң көзін қыса қоятын.

Мынау дәл соның өзі. Көзі күлімдеп тұрғанымен семьяда адал шығар, жұрт туралы жаман ойлауға болмайды, жолдас Әли!”

Жаңа әзірде ғана сіресіп отырған шойын қаралар мен жуан қаралар өзгеріп кеткен — бұл отырғандар мықты—мықты қызметкер емес, оқушы бала дерсің; Әрқайсысы—ақ қызына—қызына әндетіп отыр.

* * *

Мирас пен Әли екі түрлі, бір—біріне сорпасы қосылмайтын жан. Мирас ақыл мен сезімді қатар ұстап ұштастыра білетін, ол көргенін, білгенін, естігенін жаза бермейді, жаза алмайды да, ол мың көргенінен бір көрініс жасайтын, мың естігенінен бір қорытынды шығаратын, мың білгенінен бір шындық ашатын. Әли болса қиялы шабан, анализге жоқ. Әлидің миы жақсы фотоаппарат әрі магнитофон тәрізді, көргені мен естігенін айна қатесіз қағазға түсіре біледі. Сондықтан да көп жазушының ішінде екеуі дос, бір—біріне бақас емес, жазушылық жолдарының екі басқа екені аян.

Мирас еш жерде қызмет істемесе де бойын сақ ұстайды, қоғамдағы өз орнына мән береді, көптеген коллегиялар мен ұйымдардың мүшесі, ел қыдыруы да көп, шетелдерге де жиі шығады, үлкенді—кішілі жиын—жиналыстарда әлсін—әлсін сөз сөйлеп, елдің—жердің тарихы, шаруашылық, көпшілік мұқтажын жоқтап газет—журналдарда мақала жазудан жалықпайды. Әлиге ондай қылық жат, мән бермейді, қызықпайды да қызғанбайды. Әйелімен бірге тұрған кезде Мирастың пәтерінің кеңдігі мен маркалы “Волгасы” ғана бұған күйік болған. Онда да Әлия қайта—қайта көзге шұқып, “ананы қарашы!” дей берген соң; Әлидің өз басы ондайдан жоғары.

Қиял шабандығы Әлидің тағдырына да тұсау болмай қалған жоқ: әйелі Әлияны қалай алғаны есінде анық сақталмаған. Ол кезде қарны томпайып тамақ ішпеген, қатырма шалбар кимеген жетімек студентке Әлияның бақуат ата—анасы көп қарайпасқан, қолбала ғып ұстаған, мүмкін сол себеп болған шығар, әйтеуір Әлияға тап болды. Соңғы курсте оқып жүрген жиырма төрт жасар жігіттен сауда техникумының бірінші курсына жаңа түскен он тоғыз жасар Әлия тәжірибелі еді. Қиял шабандығы Әлиді бүгін де сүріндірді; ол ә деп көргенде—ақ Ұлменкенді ұнатқан, бірақ оны өзі білмейді, келіншектің “неге алмай отырсыз?” “неге өлең айтпай отырсыз?” “Неге көңілсіз отырсыз?” деген сияқты ілтифат сөздері жанына жағып—ақ барады, хорға қосылғанда дауысының нәзік те әдемі екенін аңғарған. Мирас “ауылдың алты ауызы” деп қолқалап қоймаған соң Ұлмекен Сыдық Мұхамеджановтың “Айлы түн” аталатын әнін айтып берген.

Екі ғашық
Қол ұстасып
келе жатыр оңаша,—

дегенде Мирас қосылып кетіп еді, үндері—бірі сыңғырлап, бірі гүмбірлеп—тым әсем шықты. Әли әнге сүйсініп отырған, ән аяқтала бере Мирас пен Ұлмекеннің бір-біріне елжірей езіле қарағанын байқап қалды да, көңлі күйзеліп кетті. Содан бұл үйдегі жиын қызған сайын Әлидің көңілі суына берді, мұздай берді. Мирас жеке-дара ән салып еді, көпшілік қолпаштай соққанда бұл “дұр-рыс” деп рюмкесін босатып қойды. Мирас пен Ұлмекен қосылып ән салған, көпшілік қошеметтеп қол соққанда, бұл “жар-райсыңдар!” деп тартып жіберді. Мирас жұртқа би билетіп еді, бұл “аз-за-маттар” деп жұтып салды, ақыры, не керек, халайық орын-орнына отырып бұған тост кезегі келгенде: “ел” деген сөзден бастады да, ел дегеннің қандай мәні бар екенін түсіндіре келіп, елді ұмытуға болмайтынын айтып, отырғандардың ел қамын ойламайтындарын айтып, “оңбағансыңдар, желөкпесіңдер, өз қара бастарыңнан басқа қамдарың жоқ, мен мұндай жерде отыра алмаймын!” деп, дастарқанды бір қойып, далаға атылып шықсын.

Үйдегілер қоса шығып, жалынды-жалбарынды, “сенікі жөн, біздікі жөн емес, түзелеміз” деді, бірақ Әли көнбеді, кетіп қалды.

Мамыржанның екі ұлы оны қонақ үйге жеткізіп салған.

* * *

Қонақтар тараған соң Мамыржан көпке дейін ұйықтай алмады. Дөңбекшіді, күрсінді. Дастарханды жинап, ыдыс-аяқты жуып Қадиша да көп күйбеңдеген. Ол келіп жатқанда бұл аз ғана сәт тына қалды да ол ұйықтады-ау дегенде қайта дөңбекшіді, қайта күрсінді. “Астана-дан жолдастар келді—ол жақсы, соларды желеулетіп осындағы керек адамдарды үйге шақырдық—ол жақсы, дастарханымыз мол болды—ол жақсы, кеш көңілді өтті, біздің бұл Өртас қаласында жұрт жиналғанда өлең айтып, би билеу салты жоқ, сол болды—ол жақсы. Әли мас боп қалып, оқыс сөздер айтты—ол жаман, бірақ кешіріледі—қонақ. О жағының бәрі—дұрыс!”

“О жағын” ойласа Мамыржанның көңілі орнықты. Алаңдатып тұрған жәй басқа—тап қоштасар жерде Мирас: “Ертең сағат он бірлерде қонақ үйге кел, бірінші хашты мен председателге бірге барамыз!” деді. Мамыржанды күйзелткен жағдай сол.

“Мен қалай барам оларға, не деп бармақпын. Шақырмаса—үлкен кісілердің алдына жетіп бару—дұрыс емес. Шақырғанның өзінде де қалтырап, дірілдеп әрең кіреміз. Қой, бармаған дұрыс. Ауырып қалдым дермін Мирас пен Әлиге”.

Сондай шешімге келіп жүрегі орныққандай болады, жаны тыныш табады бір сәт, бір-ақ сәт. Күдік құрты қайта қозады сосын. “Бұ кісілер ғой—сыйлы кісі, астанадан келген. Қала басшылары оларды, қайтсе де құрметпен қарсы алады. Жолдастар түсіндіреді—біздің досымыз дейді. Альберт Исаевич пен Омар Балапанович ойланып қалады. Ми—

рас пен Әлидің Алматыда сүйеніші жоқ деп ешкім айта алмас. Бар ғой, көп қой, әйтпесе том—том кітапты қапай шығарады. Жазушы болып тегін ақшаға кенелгісі келетіндер жеткілікті. Значит, бұл арада қолтоқпақ мықты — киіз қазықтарын жерге қағып беретін. О жағын Альберт Исаевич пен Омар Балапанович сезбес деймісің, сезеді. Бұл — дұрыс”.

Дұрыстан кейін бұрысы тағы қылтиып көріне қалады. Дұрыс пен бұрыс Мамаржанды оң жамбасына бір алып ұрады, сол жамбасына бір алып ұрады, ақырында шаршап титықтаған көңілде “қайтсем екен” деген бір сұрақ қана қалды. Бұзылған патефондай ол соны қайталай берді, қайталай берді.

* * *

Альберт Исаевич облысқа кеткен екен, бұлар Омар Балапановичке тартты. Қалалық партия комитеті мен атқару комитеті Ленин алаңының тау жақ бетінде жаңа салынған бес қабат үйге орналасқан. Сол бір еңселі кеңсені көргенде Мамыржанның жүрегі дір ете қалатын. Алаңның арғы бетінен бергі бетіне жеткенше оның көңлі қобалжып, құты қашатын. Екі жолдасына аңдап қарап еді, олар былқ етер емес. Екеуінің түрі де жып—жинақы, түнімен ішкені білінбейді, Әли костюм өзгертіпті, кигені қоңыр жолақ, галстук салмайтын жұқа жүн көйлек жұқалау шашын екі жарған, жүрісі ширақ — жаңа әзірде ғана суық ванна қабылдағанын Мамыржан көрген, Алтайда ағаштың қанша және қандай түрлері өсетінін Мирасқа түсіндіріп келеді, түнде түк болмағандай. Бойы онша ұзын болмаса да сирағы ұзын, жауырыны қақпақтай, сыртынан қарасаң жүрісі қайқаң—қайқаң етеді. “Интернатта жүргенде кіп—кішкентай шілтік сары еді. Бұны адам болады дегенді кім ойлаған. Көрінгеннен таяқ жеп, көрінгеннің портфелін тасып жүруші еді. Енді қара, бұ да кісі болды. Болсын — ол жақсы, өзі әп—әдемі жігіт, осыны менсінбей жүрген қандай қатын. Ол — жаман”.

Кеңсенің алдындағы тепкішектерге көтеріле бергенде ой жүйесі шорт үзілді. “Құрыдым!” Сәл кідіріп қалды, бар кейпі бұрылып алып қаша жөнелердей.

— Жүр, жүр!

— Неғып тұрсың!

Мирас пен Әли бұған таңқала қарап қалыпты. Амал жоқ алға басты.— “Омар Балапанович қатты адам — сіз неғып жүрсіз, қызметіңізге барыңыз! десе өлім—ау. Қап! Өлген жерім осы!”.

Мирас сезімтал, бұның қалын байқап қалса керек

— Жүр, саспа! — деді, — өзім түсіндірем!

“Енді тәуекел, болар іс болды. Жаман болды!” Екінші қатардағы қабылдау бөлмедегі хатшы қыз ұшып түрегелді. Мирас:

— Біз — дей беріп еді, қыз:

— Білемін, Омар Балапанович сіздерді күтіп отыр! — деп лып—лып

етті. Мирас бұл арада Миранстығын істеп қызға қадала қарап қалған, қыз қып—қызыл боп ұялып теріс айналуға мәжбүр. “Иә, құдай, сақтай гөр!”

Қалалық советтің председателі бұлар кабинетке кірер—кірместен тұрып келіп алдарынан шықты.

— Ал, саламатсыздар, менің атым Омар. Төрлетіңіздер, хош келіпсіздер.

Мирас пен Әли де өз аттарын атаған. Омар бұлармен күліп тұрып жарқын амандасты да, Мамыржанға жәй ғана қол ұшын бере салды.

“Құдайдың ұрған жері тап осы! Жақтырмады! Құйысқанға қыстырылып нем бар еді!” Омардың алдындағы екі мамық орындыққа екі қонақ жайғасты. Мамыржан отырар—отырмасын білмей тік тұрып қалған. Мирас кабинет иесінің алдын орап:

— Отыр, Мамыржан!— деп қалды. Мамыржан қипалақтап барып шеткеріректен орын тепті.— “Біттім! Отыр да демеді—ау! Шығып кету енді ыңғайсыз.”— Үлкен кеңестерге арналған ұзын столдың жылтыр бетін шұқылаған күйі мелшигеннен мелшиіп отыра берді, отыра берді. Председатель мен жолаушылар арасында әңгіме ұзақ болды. Мамыржанның құлағы сонда, көңілі қапаста.

— Иә, тағы да — хош келіпсіздер.

— Рахмет.

— Рахмет.

— Біздің бұл шалғайдағы қалаға жазушылар ат ізін салмаушы еді. Олар көбінесе ауыл—селоны айналдырады. Ауылды жазу оңай ғой.

— Рас айтасыз, біз де өндірісті жете білеміз, жазып тастаймыз, қиратамыз дей алмаспыз.

— Бұл жағынан Миранстан гөрі мен махрұммын.

— Бұларыңыз дұрыс екен.

— “Бұларды да менсінбей, кекетіп отырған жоқ па?”

— Дұрыс екен дегенім — шын мойындағаныңызды айтам. Кейде бір журналистер келеді. Екі—үш күн жүреді де жазамын, қиратамын, қиратамын деп кетеді,— содан “алпауакпар!”

“Мына кісінің алау—аклары несі?”

— Кейбіреулері бірдеңе жазған болады. Бірақ іші толған цифр, өндірістік есеп. Бухгалтерия. Жә—ә, кешіріңіздер, келмей жатып дау—ласып кеттік—ау. Қайда түстіңіздер?

— Рахмет, қонақ үйіне.

— Жайлы бөлме берді ме?

— Екеумізге бір люкс.

— Қап, ұят болған екен—ау! Қазір звонить етейін. Ало, Иван Никифорич, сен өзің кітап оқисың ба! Әй қайдам, күмәнім бар, оқитын адам ұйтпесе еді. Алматыдан келген екі жазушыны бір бөлмеге тықлас еді. Мен саған анықтама бюросы емеспін ғой, рас па? Олай

болса қонақ үйінің директоры саған бағынады ғой, содан білерсің...
Тездет. Маған хабарла.

“Горкомхоздың бастығы Бочаров та күйіп кетті. Оған сол керек
Сылбыр сорлы!”

— Бүгін келдіңдер ғой?

— Жоқ келгенімізге төртінші күн.

— Қалайша?

— Ы-ы-ы. Біздің бір өз басымыздың шаруасы бар еді, соны
тындырып.

— Жә, жарайды, ұлықсат етсеңіздер, мен тәртіп бойынша
қаламыздың жайымен қысқаша ғана таныстырып өтейін.

“Иә, шүкір, Омар Балапанович мені біржола ұмытты ғой! Бұ кісі
қала туралы сөйлесе қозып кетеді. Ашуын да ұмытар маған деген”.

— Қаламыз жас, жетпіс бесінші жылы жиырма бес жылдығын
тойламақпыз. Қазір жиырма үште. Менен он үш жас кіші.

— Мына Әли екеумізбен құрдас болып шықтыңыз!

— Өзім де сезіп отырмын. Ол жайында кейін айтатын әңгіме бар.
Жә, жарайды. Қаламызда сексен жеті мың халық тұрады, және
қалалық советке қарайтын бір жұмысшы поселкасы мен тоғыз село-
ның халқын қоссақ — мыңдаған адамның тағдырын ойлауымыз ке-
рек.

— Ол қалайша?

— Бұл бір қызық жәй. Біздің қаламыздай қала Совет Одағында
отыздан аспайды. Менің мысалы бірінші орынбасарым екеу, біреуі —
қала шаруашылығы бойынша, біреу — ауыл шаруашылығы бойынша.

— Қызық екен.

— Қызық. Кезінде қаланы ет, сүт, көгөніс, жеміспен қамтамасыз
ететін тоғыз подхоз құрылған. Солар өсіп кетті. Қазір совхозға
бергісіз. Совхоз деп атасақ, облыс алып қоятын болғасын подхоз деп
ұстап отырмыз, зато тоғыз подхоз қаланы асырайды, қала олардың
бар мұқтажын өтейді.

— Қызық екен.

— Қызық, зато біздің қалада ет, сүт, көгөніс, жеміс басқа қаламен
салыстырғанда көп арзан.

— Қызық екен.

— Қызық. Жә, жарайды, қаладағы негізгі өндіріс — түсті металл
комбинаты. Одақ көлемінде өндірілетін түсті металдың біразын біз бе-
реміз. Ар жағын өздеріңіз есептеп, көкейлеріңізге тоқи беріңіздер!

— Тамаша!

— Рас айтасыз!

— Ал енді өзіңіз туралы айтыңызшы!

— Өзім туралы не айтамын?

Мамыржан еріксіз бас көтеріп қалып еді: “Құдай-ау, Омар Бала-
панович тіпті бала екен ғой!” деген ой жарқ етті. Председатель абыр-

жып отыр екен, көздері жәутендеп кеткендей болып көрінді Мамыржанға.

— Мәскеудегі түсті металл институтын бітіргесін осында келдім. Бір жыл жұмысшы болып істедім, бір жыл инженер — смена бастығы болдым, бес жыл комбинаттың бас инженері болдым, жиырма тоғыз жасымда қалалық советке төрағасы болып сайланғам: содан бері міне жеті жыл, қызмет етіп жатырмыз.

— Оның бәрі анкет қой.

“Астапыралла, мынау Әли бүлдірді—ау, Омар Балапанович ашуланып қалатын шығар”.

Омар Балапанович мырс етіп күліп жіберді.

— Әрине анкет! Сіздер, немене, мен туралы жазатын ба едіңіздер?

— Мүмкін!— деді Мирас.

Омар Балапанович тағы да мырс етті.

— Ол мүмкін емес. Біз сияқты қызметкерлер туралы жазу мүмкін емес. Әдебиеттен аздап хабарым бар. Мысалы осы екеуіңізді де оқығанмын. Әдебиетке біз кейіпкер бола алмаймыз. Өтірік кішіпейілсіп отырған жоқпын, қайта жұрт мені тым қатал, өркөкірек, тікбақай санайды, мына Мәкең біледі ғой!

“Мәкең” деген сөзді естігенде Мамыржан селк ете қалды, қыпқызыл болып кетті.

— Рас қой, Мәке?

— Рас — не айтқанын өзі де аңғармаған, сәл ғана басын көтеріп еді — Омар Балапанович бұған тесіле қарап отыр екен. Мамыржанның құлағы шуылдап, көзі қарауытты. Омар Балапанович “жарайды, сені қойшы” дегендей қабағын білінер—білінбес шытты да теріс қарап кетті.

— Міне, естідіңіздер ғой, мен қатал адаммын, ал қатал адам өтірік көлгірсуді білмейді.

“Масқара, масқара! Біттім! Рас деп қалай айтып қалдым? Енді тұқымымды тұздай құртады, бордай тоздырады, қаңғытып жібереді. Қап, мына екі атаңа нәлетке еріп нем бар еді Қап!”

Мамыржанның дәл қазір Мирас пен Әлиді атарға оғы жоқ. Көкірегі толған өкініш, басы толған сұрақ “енді қайттім?” құлақтары қалқайып, бет жүндері үрпиіп, шашы тікірейіп алған. Жан тапсырар сәттің кейпі. Енді ол бұ кабинеттегі әңгімені естіген жоқ, аналарды көріп те отырған жоқ; қырыққа келгенше тірнектеп жинаған дүниемүлкі, қырыққа келгенше бар өмірін сарп етіп бағып—қаққан балашаға, үй—іші бәрі мақұрым болғандай, ақырын омырылып қирап бара жатқандай. “Бітті!” Омар Балапанович бұған қарай жүріп келеді екен, ойы үзіліп кетті, “бұ тағы не сұмдық?”, жо, бұрылып кетті, тағы бұрылып бұған қарай жүрді. Бұған қарай жылжиды ма, қалай. Омар Балапанович кабинеттің дәл ортасына тұра қалды да:

— Енді сіздерге сұрақ қоюға бола ма? — деді.

— Сұраңыз.

— Сұрағым сізге, Мирас.

— Сіз демей-ақ сен дей бермейсіз бе, құрдас екенбіз.

— Шыдаңыз, екі минуттан кейін “сен” дермін, әзірше “сіз”.

— Сұраңыз.

— Мың да тоғыз жүз қырық төртінші жылы сентябрьдің бірі күні сіз. Көкөзек ауылындағы “Ақ там” аталатын жеті жылдық мектептің бірінші класының есігін аштыңыз ба?

Мирас жауап бере алмай қалды.

— Бірінші класқа бес-ақ бала жиналды, рас па?

Мирастың үні о дүниеден шыққандай:

— Рас.

— Ендеше сол бес баланың біреуі сен болатұғынсың, біреуі мен-тұғым!

Мирас орнынан қарғып тұрып, қатты да қалды:

— Тоқта, тоқта! Балапан, Балапан! Ауылдың шетінде ескі үй бар еді, ол үйдің алдында биік-биік екі шынар өсетін. “Балапанның үйі” деп жұрт қатыспайтын.

— Дәл өзі!

— Тоқта, тоқта. Сен өзің есімде жоқсың.

— Зато мен сені бірден таныдым. Кітаптарыңды оқығанда “сол емес пе екен” деуші едім. Бағана кіріп келгеніңде бірден таныдым.

— Ал сен менің есімде жоқсың.

— Ол түсінікті ғой. Сен бұзық болатұғынсың. Қорланғанның есінен зорлықшы шықпайды, зорлықшы қорлағанын ұмытып кетеді, өмір заңы солай.

— Тоқта, тоқта! Ой бауырым, келші!

Сұңғақ бойлы екі сұлу жігіт кабинет ортасында құшақтаса кеткенде Мамыржан еңкілдеп жылап жіберді.

Неге жылағанын өзі де түсінген жоқ.

Енді екеуі басқа жұрт бар-ау деп ойлайтын емес, бүкіл әлемді ұмытқан, балалық шақтың қызық елесін куалады да кетті; анау есінде ме, мынау есінде ме, сонда сүйткеніміз-ай, бүйткеніміз-ай деген сияқты таусылмас жыр сонары басталды да толастамай қойды. Бірі қала басқарған, дүйім елдің ағасы екені, бірі елге танымал азамат екені жадында жоқ; каникулдан кейін кездескен екі бала дерсің. Әли анда-санда сөзге араласпақ болады, бірақ бәйгеге қосыла беріп омақасқан мәстектей дүбірден шығып қалады. Қысылғаннан темекі тартты, кеңсе ішінде арлы-берлі жүріп те алды. Мамыржан болса өз өзіне енді-енді келгендей, мына екеуі шүйіркелесе түссе екен деп тілейтіндей, олар жақындасса бұған келер пайда бар сияқты. Омар мен Мирас уақыт дегенді ұмытқан, хатшы қыз келіп:

— Омар Балапанович, үзіліске шығуға рұқсат па екен?— дегенде ғана сағатқа қарап:

— О—у—у, сағат бірден кетіпті ғой!— деп күліп жіберді.— Бара қойыңыз. Ал, біз қазір аз—мұз шәй ішіп алайық та, өндіріс аралайық. Алдымен шахтадан бастармыз. Өзім алып жүрем, өзім аралатам. Менің де шахтаға түспегеніме көп болып қалып еді.

Бұлар бәрі орындарынан тұрып кабинеттен шығар сәтте Мирас Омарға күле қарап:

— Сен мына Мамыржанды білесің бе?— деді. Мамыржанның жүрегі қысылып кеткендей еді. Омар:

— Е—е, білмей! Өзіміздің кадр ғой!— дегенде Мамыржанның көзіне тағы да жас үйріліп қалған.

— “Е—е, білмей!— деді—ау, өзіміздың кадр!— деді—ау. Айналайын Омаржан, мына қонақтардың алдында беделімді бір көтеріп тастадың!”. Осында жеке бір бөлмеге Омар түстік әзірлеткен екен, бұлар соны ішті; тағы—тағы көп әңгімелер болды. Әли Мамыржан екеуінің интернатта бірге жатқанын, сонда бастан кешкен хикаяттарды айтты, кейбір күлкілі сәттерді еске алды, “мына осы отырған Мамыржанның” өзін талай сабағанын айтты.— Соның бәрі Мамыржанның жанына жаға түсті, өзі шешіліп сөзге араласа алмаса да рахаттанып көңілді отырған. Қала басшысының алдында көсіле сілтеу қиын, тәртіп сақтау жөн, өзі туралы әңгіменің кезінде сыпайы ғана күліп, қызара түсіп қысылып отырған, түстіктен соң бұлар далаға шығар мезетте Омар:

— Ал, қазір үшінші шахтаға барайық. Мәкең екеуміз сіздерге жер астын көрсетейік. Біздің комбинатқа қарасты алты шахтаның бірі— онда апаратын себебім— бұрын өзім сонда жұмысшы болғам,— дейді.

Мамыржанның миында бір от жарқ ете қалды. “Мәкең екеуміз жер астын көрсетейік” деген сөздер үлкен—үлкен әріптермен жалқындап жазыла қалды. “Жер асты”, “Мәкең екеуміз”. Мамыржан қазір тұз бен қантты қатар жеген адамдай, “Мәкең екеуміз” деген сөз бойын ысытып, демін тарылтып барады да, “жер асты” деген сөз жүрегін мұздатып ақыл—есін шәт—шәлекей етіп тұр. Осы жұмысшы қаласында қаншама жыл өмір кешсе де Мамыржан жер астындағы шахта түгіл комбинаттың өзін көрген емес. Мамыржанның маңдайынан тер бұрқ етті; “масқара болдым, құрыдым!”.

* * *

Содан дозақ басталсын да кетсін; Мамыржан өмірінде мұндай қиналмаған шығар; бұлар Омардың судай жаңа ақ “Волгасымен” шахтаға тартты, жол бойы Омар шахтаның күндік нормасын, түсті металлдың қанша түрі шығатынын, қанша мың адам жұмыс істейтінін, қандай—қандай атақты адамдар жұмыс істейтінін, бастықтары кім екенін әңгіме етіп отырды; Мамыржан болса “енді қайттіммен” отыр—

ды, “Омаржанның алдында масқара болып сыр беріп қалам ба? Шахта деген бәле, кісі өлімі болып тұрады деуші еді. Тірідей жер астына қалай түспекпін?” деп отырды; бұлар шахта басқармасының үш қабатты еңселі кеңсесінің алдына келіп тоқтады, кеңсе алдында бесалты адам күтіп тұр екен, тапалтақтау келген қызыл шырайлы жуан жігіт топтан бөлініп шығып, етжеңді адамдарға тән шапшаңдықпен кеп машинаның екі есігін де ашып үлгерді:— “хош келіпсіздер!”— деп айғыр тістерін ақситып тұр; шахта бастығы сол екен, оның да ат шаптырым кабинеті бар екен, ұзын столға алма, жүзім, минерал су қойылған, қымбат—қымбат сигареттер шашылған, шахта бастығының аты Оразхан екен, қонақтар жайғасқан соң тағы да бір “хош келіпсіздер” — деп алып, күле отырып қасындағы серіктерін атап өтті, бас инженер, орынбасар, партия ұйымының секретары, комсомол ұйымының секретары, жергілікті комитет төрағасы; сосын шахтаның тәулік нормасы, ай нормасы, қанша адам істейді, кімдер істейді, қанша қызыл ту жеңіп алынды, оның қаншасы көшпелі, қаншасы мәңгілік — сол айтылды; Мамыржан болса — өзімен өзі әуре, бір сөз құлағына кірер емес, “енді қайттім!” дей береді, “несіне қорқамын, бала емеспін ғой” деп өзін—өзі жұбатқан болады.

Оған дауалар көңіл жоқ, тұла бойы қалшылдап, екі тізесі дір—дір етіп шоршып кетіп отыр, жер астынан қорқып отырған жоқ, жер астында ұят қылық көрсетіп алам ба деп қорқып отыр; сосын бұлар шахтер киімін киді; далаға шықты, аула ішін аралап барып, шағын бір үйге кірді, үйдің дәл ортасында төрт бұрышты темір қапас, торкөз есігі ашылды, тығыршық директор:— ал кіріңіздер!— деп иіліп тұр, — бұрын шахтаға түсіп көріп пе едіңіздер?— Көргенде қандай!— Мирасқа да, Әлиге де үйреншікті жәй екен, бүкіл өмірлерін жер астында өткізгендей бәрін біліп тұр, сайрап тұр, Мамыржан болса— құты қашқан, “біттім!” деп ойлады; Омар:— ал кеттік!— дегенде Оразхан да:— ал кеттік!— деді, сыртта тұрған жуан кемпір есікті жауып, бірдеңені басып қалды, темір қапас салдыр—гүлдір етіп төмен қарай құлдырай жөнелді, Мирас та, Әли де, Омар да түк сезетін емес, бір бірінің құлағына айғайлап бірдеңе айтады, күледі, Мамыржан болса: “бысмылда”, — деп қалғанын өзі сезбеді, өзгелердің естімегеніне қуанды, — өзің сақтай гөр, құдайым! Үш баланың көз жасын көре гөр!— дейді, ішек—қарны қозғалып кеткендей, кіші дәрет қыштап, қаны басына тепкенін сезді.

Әлидің білегінен тас қылып ұстап самаладай жап—жарық кең алаңға шыққанда Мамыржан тәлтіректеп жүре алмай қалған, мына жарық кең үңгір бұның “шахта” деген түсінігінен мүлде бөлек. — Мынауын метроның станциясы ғой!— дейді Мирас, — болса — болар:— бұларды күтіп алған егделеу орыс:— біздің шахта сегіз қабат, сіздер соның алтыншы қабатында тұрсыздар. Бұ қабаттың тереңдігі үш жүз метр. Осы қабаттың смена бастығы — мен. Аты—жөнім — Иван, Иван

баласы Изотов деп өзін—өзі таныстырды, қазақша судай; бұлар жарық үңгір ішімен жүріп келіп, қалтарыстағы бір қуысқа бұрылды, есік ашылды, ар жағы кәдімгі кеңсе — столдар, орындықтар, телефон, қабырға газеті, плакаттар, “найзағай”, Изотов қонақтарды отырғызып алтыншы қабатта істейтін өз сменасының тәуліктік өнімін: айлық өнімін, қанша адам істейтінін, кімдер істейтінін, кімдермен жарысқа түскенін, оларды қанша рет жеңгенін, өздерінің қанша рет жеңілгенін баяндады, сосын: ал енді өз көздеріңізбен көріңіздер, қазақ айтады: құрғақ қасық өңеш жырады! — деп жымыып қойып орнынан тұрды; — конвеерге баста! — деді Омар; штректің ортасымен болат рельс өтеді екен, екі жағы тақтайдан қиюласқан “тротуар”, бұлар жүріп келіп забойға шықты, забойда ұзындығы жүз метрдей темір астау тұр, кәдімгі ат ақыр сияқты, Изотов өзі бірінші болып келіп темір ақырдың қасына тоқтады, бар бейнесі қазір басталар салтанатты сәтті күткендей, көкшіл көзі жылтылдап күлім қағады, қонақтардың бас—аяғы жиналып, не айтасың дегендей тына қалған кезде ол темір ақырдың ернеуін алақанымен бір сипап. — ой ты, мой милый! — деді де толғанып үнсіз қалды, сосын айғайлап: — Жексен! — Жексен! — деп біреуді шақырды;

Забойдың алыс түкпірі алакөбең еді, жарқ—жұрқ етіп жыпылықтап барып неон шамдар жанды, бұларға көрінбейтін қалтарыстан қорбиған біреу шықты, өзінен бұрын бұл жерге көлеңкесі жетіп теңселіп келеді, төбеден төніп келген қарақұстай жалп—жалп еткен қара көлеңкенің астында Мамыржанның басы айналып, жүрегі лоблыды, кемеге алғаш мінген дала қазағындай қиналады; көлеңке тұтасып барып бұлардың үстінен өтіп кеткен сәтте жаңағы қорбаңдаған алып заматта кішірейіп адам сиқына келді; қазан бас, жалпақ бет, жаурыны қақпақтай, биік те емес, аласа да емес мығым жігіт екен, Омарды көріп балаша мәз боп күліп жіберді: — Ассалаумағалайкум, Омар—аға, — дейді, Омар да мәз: — Қал жақсы ма, Жексен? — Шүкір, аға! — Жексен басқалармен амандасқан жоқ, көзіне де ілмеді. — Ал Жексен, өнеріңді көрсет! — деді Омар, Жексен забой басталар жерде тұрған кісінің баурайынан келетін темір қобдидың қасына барды, бірдеңелерін басып, бірдеңелерін бұрады, темір қобди боран күнгі пештей үлдеп қоя берді. — Назад! — деп айғай салды Жексен, бұлар шегініп қалтарыстағы үңгірді тасалады, сәлден кейін гүрс етіп бомба жарылғандай болды да қарсыдағы көктас қабырғаның үйдей орны омырылып табанға түсе қалды, ұзындығы екі метрдей екі темір “қол” әлгі омырылған көк тастарды кезек қимылдап “баурына” жинай бастағанда конвеер (темір астау) ақырын сықырлап жылжып жүре берді, астауға үлкенді—кішілі тастар түсе берді, түсе берді; бес—алты минуттан кейін бомба жарылғандай тағы да гүрс етті, елу—алпыс метр әріректен тағы да көктас қабырға омы—

рылып түсті, тағы да темір “қолдар” жыныс тасты бауырына жинап алып, темір астауға төгіп жатыр, бес—алты минуттан соң тағы да сол; жұрт тым—тырыс тынып жер асты ғаламатын қызықтап тұр;

Мамыржан болса тынышталайын деді, көңлі байыз тауып орныға бастаған, бұрын шахта деген сөз дозақ деген сөзбен барабар естілетін бұған, кенші деген сөз кір—қожалақ, май—май деген сөздің баламасы сияқты болатын, енді қараса мүлде бөлек дүние, жер үстінен бірде бір кем соқпас, тап—таза жарқыраған әсем әлем; сүйтіп тұрғанда темір астау салдыр—гүлдір етіп селкілдей жөнелді, бірқалыпты селкіл, бірқалыпты тарсылдан Мамыржан жалығып, мүлги бастап еді, астау кенет тоқтай қалды да забой іші жым—жырт болды; Мамыржан ұйқыдан шошып оянғандай;— Міне, көрдіңіздер, бар болғаны қырық минут ішінде қаншама тонна жыныс байытуға дайын болды!— дейді Изотов. Мамыржан енді байқады, Изотов қоразданып, жалданып алған, ол жөткірініп біраз тұрды, алда салтанатты бір сәт бар сияқты.— Жолдастар!— деген Изотовтың даусы шаңқ ете қалды,— жаңағы үш қопарылысты көрдіңіздер, ол қопарылыс жай қопарылыс емес, ерекше қопарылыс, дәрісіз қопарылыс, кәдімгі ауа, өзіміз жұтып жүрген ауа, қысылған ауаның қопарылысы, ал мынау темір астау тегін астау емес, бұның өзі екі қабат, бұрын жынысты балғамен соққылап ұсақтайтынбыз, оған көп уақыт кететін, көп металл желінетін, мынау вибрациялық күшпен, тастарды өз салмағымен өзін ұнтақтайды!

— Осы қопарғыш пен осы астауды біздің шахта жұмысшылары өз қолдарымен жасады, бұндай аспаптар әзірше Одағыңда, қала берді — дүние жүзінде жоқ. Осы астау мен қопарғыш іске қосылғалы біздің шахтаның жылдық өнімі төрт есе өсті, ал әр забойда бір—ақ жұмысшыдан істейді. Мына Жексен, мысалы, жүз адамның жұмысын бір өзі атқарып тұр!— Изотов жеңген қораздай қонақтарға одырая қарап алды да, сөзінің ең соңғы, шешуші кезеңіне көшті.— Жолдастар, осы қопарғыштың да, вибрациялық астаудың да авторы — Омар Балапанович екенін мақтанышпен айтамын,— деді, бұл сөздерді ол орысша айтты; шахтада тұрған шағын топ шартылдатып шапалақ соқты;— бәлі, біз білмей жүр екенбіз ғой!— деп Мирас қолпаштады;— Жәй бастық емес, өнерпаз бастық екен ғой!— деп Әли қоштады; Біздің бастық сондай!— деп Оразхан ісініп қалды:— а как же!— деп Изотов күдірейіп тұр; Мамыржан болса жылап жіберер халге келген, алдында тұрған Омар басқалардан ерекше жалқындап көрінді, іштей бір “айналайын Омаржан!” деп алды да бүгіндікке бірінші рет тіл қатты:

— Айналайын Омеке, талантыңнан садаға кетейін, сүйкімді бейнеңнен садаға кетейін! Жарқылдаған көзіңнен садаға кетейін!— деп келіп Омарды құшақтап тұрып екі бетінен сүйіп—сүйіп алды!

Дәл осы сәтте көңілі сонша адал еді, өзі сонша әділ еді, шындыққа шын беріліп, шын сүйсініп кеткен, сөздері де, құшағы да, сүйгені де табиғи шыққан. Омар да бұның қылығын ерсі көрген жоқ, риза болып жымылып күлді. Мамыржанның арқасынан қағып қойды.

* * *

Мамыржан көтеріліп қалған. Қорқақ адам тасыса не өзі ұрынатын, не өзгені ұрындыратын. Бұ жолы Мамыржан өзі ұрынды, ұрынғанда бір емес, екі ұрынды. Көңлі шалқып: “Айналайын Омаржан, айналайын Омаржан!” деп келе жатып сәл кешендей берген екен, алдағы топтан көз жазып қалыпты. Өзі қайда, басқа серіктері қайда, белгісіз; алдынан екі тарау штрек үңгір шықты да “тротуар” екіге бөлінді, біріне түсе беріп кілт тоқтады, алда ешкім көрінбеді, дыбыс та жоқ, жүз қадамдай жерде бұл үңгір штрек бұрылып кететін сыңайлы, екінші штрекке түсе беріп қайта тоқтады, мұнда да ешкім көрінбейді, еш дыбыс естілмейді, бұл сала да жүз қадамдай жерден бұрылып кететін тәрізді. Жым-жырт тыныштық тыныс тарылтады, қаязданған көк тастар сояу-сояу қалпымен үрейлі елес бере бастады, аранын ашып, көгеріп кеткен азуын ақситқан кәрі қорқаудың кейпі; дабыр-дұбыр сөйлескен топқа еріп келе жатып байқамаған, енді аңғарса штрек ішінде қорқыныш тұнып тұр екен, самаладай көрінген неон жарығы тым күңгірт, тым әлсіз екен, эне-міне өшіп қалардай қалт-құлт етеді, үйге түскен ұрыдай аяғын аңдып басып, қатерлі қимылын жасыра жылжып біреу жүрген сияқты еді — байқаса төбеден тамған тамшы екен, үлдей сорғалап, үрейлі көңілді үркіте бастады, меңіреу тыныштықты анық сездіріп тұрған да сол тамшы.

Мамыржан есеңгіреп қалғандай, не істеп не қойғанын өзі білмеді: алдындағы штректі бойлай тұра жүгірді, одан кері қайтты, екінші штрекке түсіп және жүгірді, одан кері жүгіріп келе жатып штрек екеу емес, үшеу екенін байқады, кеңсе өміріне, бірқалыпты жүріске үйренген өкпе алқынып, жүрек қысылды, талықсып барып қабырғаға сүйене бергенде жер астынан қияметтің гүрілі естілді, жер сілкінерде, апат боларда осылай дозақтың үні естілетін шығар. Үрейлі сарын күшейе келе үңгір ішін солқылдатып қозғап жіберді. Шахта ішінде қопарылыс болған екен деп ойлады Мамыржан. “Біттім! Хош жарық дүние!” Енді шыға алмасын білді. “Үш жүз метр” деген сөздер ғана көңілге орала берді де ғайып болды.

Есі кіргенде “қайдамын!” деп жан-жағына қарап еді, өлме-усіреген жарық дүние, көктас үңгірді аңғарды, тақтай “тротуарда” шалқасынан жатыр екен. Басын көтеріп, есеңгіреп біраз отырды. Бала кезінде ұйқысын аша алмай осылай бір отыратын. Үш жүз метр көк тастың астында қалған еді ғой, “мұнда шірімейсің!” деген оқыс ой

келді, ой келді де қарқылдап күліп жіберді, күлкі емес екен, көмейіне тығылған өксік екен, көз жасы парлап, еңкілдеп жылап жіберді.

Түнерген бұлттың жауып тынғанындай, үреймен келген қор мінез көз жасымен кетіп, көңлі сергіп сала берді. Өзінің мүшкіл халіне өзі шын күлді. “Өлім деген осы болса оңай екен ғой!” Жер астынан тағы да гүріп сарыны жетіп еді, Мамыржан енді қорқа қоймады, қарғып тұрды да тротуармен жүре берді, гүріп күшейе—күшейе беріп бұрылыстан жарқ еткен от көрінді, поезд екен, елу шақты темір вагон бірін—бірі желкелеп қуалап өте шықты, манағы қорбаңдаған жуан жігіт Жексенді таныды, соңынан ақ халатты екі әйел жетті.

— Сразым айтса бірден табатын едік. Жаңа ғана айтты. телеви— зордан. жатқаныңызды көріп қуанып қалдық. Давай Жексен, жүгір деді Иван Иванович, өзі Омар ағамен сөйлесіп жатыр, телефонмен. — Жексеннің сөздерінен Мамыржан түк түсінген жоқ. “Телевизоры не, телефоны не?” Дәрігерлердің бірі мосқалдау шоңмұрын сары әйел:

— Слава богу, жив, голубчик, ничего с ним не случилось!— деп гүж—гүж етеді.

— Сердцу, наверное, плохо было?— деді екіншісі. Әлгінің еркек үніне мынаның нәзік сыңғыры кереғар, кержік мұрын, қозы асық келіншек екен. Мамыржан, тіл—ауыздан қалғандай, бұл үшеуінің бетіне жаутандап қарады да ештеңе айта алмайды. “Мен кімін! Қайдамын! Сендер кімсіңдер!” деген сияқты сұрақ бермек еді, көмейі бүлкілдеді де аузы ашылмады.

— Ал, жүріңіз, кеттік!— деп Жексен алға түсіп қорбаңдап барады. Мамыржан ере берді. Манағы жер астындағы кеңседе Изотов отырыпты, ол да:

— Слава богу, жив!— деп жатыр. Изотов бұларды қатар тізілген орындықтарға отырғызып, өзі өз тағына жайғасты, телефон бұрады.

— Оразхан Бакирович, келді мына кісі. Не істейміз? Омар Балапановичке айтасыз ба! Күтейін. Жақсы онда!

“Үш жүз метр тереңдікте өлік шірімейді!” деп ойлады Мамыржан тағы да, соны мына Изотовқа, Жексенге, мына дәрігер әйелдерге айтқысы келіп—ақ еді, кеңірдегі бүлкілдегені болмаса үні шықпады, көзі жаутандап бөлмедегілерге кезек—кезек қарап отыра берді.

— Ал, жүріңіз!— Изотов тұрып жол бастады, бұл ере берді. Изотов бұны далаға шығарды, моншаға түсірді, өз киімін кигізді, шахта басқармасының кеңсесіне апарды. Оразханға тапсырды. Оразхан бұны қала сыртында бес—алты шақырым жердегі теңіз жағасында, қалың бақ ішінде орналасқан резиденцияға апарды, бірінші қабаттағы ас бөлмеде тамақ ішкізді, сосын екінші қабатқа шығарды. Онда Омарлар жеңдерін түрініп алып биллиард ойнап жүр екен. Бұны көргенде мәз болып күлісті. Мазақ қыла ма, қалай.

— Қайда ғайып болып кетті десек.

— Екі сағаттан кейін есімізге бір—ақ түскені қызық.

— Іздемесек сонда жата бермек

— Ұйқысын қандырып... — бұны айтқан Әли, ішек—сілесі қатып мәз боп күледі. Бөсіңкіреп алған:

— “Тротуарда” сұлап жатқанын телевизордан көргенде шошып кеттім. Сіздерге өліп жатыр дегенім сол! — дейді Оразхан. — Енді бір қарасам тәлтіректеп жүріп келеді. Ойбай, Иван Иванович, жүгір, дедім...

— Екі сағат уақыт — ұйқы қанатын уақыт қой! — Әли тақақтап қоятын емес, Мамыржанның жынын келтіріп тұрған — сол. “Ыржалақтап несіне мәз болады, найсап!” Өзі де ыржалақтап күле бергенін байқар емес. “Үш жүз метр тереңде, көк тастың астында қалған дене шірімейді. Онда құрт болмайды” мыналарға соны айтпақ еді, кеңірдегі бүлкілдеді де үні шықпады. Ызадан көзіне жас үйрілді. “Несіне мәз, сорлылар. Бәрі — чепуха! Үш жүз метр тереңде құрт болмайды, дене шірімейді, ақымақтар, соны білсе ғой!”

— Қой! Мәкеңнің аман—есен қатарға қосылғанын атап өтейік! — деді Омар. Бәрі ас бөлмеге түсті. Түрлі тағам, түрлі жеміс, түрлі арақ—шарап сықасып тұрған ұзын дастарқан басына қайта отырысты. Кухня жақтан Маша шықты бұраңдап:

— Маша, амансың ба? Сен мұнда неғып жүрсің? — демекші еді Мамыржан, айта алмайды, кемсендеді де қалды.

Мамыржанның амандығына тост арналды. Омар да, Әли де, Мирас та көңілді, бар талант, бар өнерін дастарқан басындағы сайқымазақ әңгімеге жұмсап отыр, қалжың найзасына ілінген қара — Мамыржан. Аналар күле берді; ызаға булығып бұл іше берді, ақыры бір сәт дүниенің пұты бір тиын халге келді де, ышқынып кетті, тіл шықты. Аппақ тістерін ақситып күліп отырған, өз буына өзі пісіп отырған, өзінің сұлу бейнесіне өзі сүйсініп, өзінің өткір сөзін өзі тыңдап мәз боп отырған Омарға тік қарап:

— Үш жүз метр тереңде қалған денені құрт жемейді! — деді. Ас бөлмеде күлкі бомбасы жарылды.

— Ой, мынау не дейді.

— Философ қой өзі!

— Құрт дейді!

— Иә, құрт! — деп айғайлап жіберді Мамыржан. — Бірің жазушымын деп, бірің бастықпын деп шіренесің. Өлсең бәріңнің құны бір тиын! — Мамыржан ежірейіп тұрып Омарға қарады, қадалып тұрып соған арнап айтты. Омар ашуланған жоқ, қайта күні бойы көлеңкедей қалтылдап не көзге түспеген, не көңілде қалмаған мүсәпір пендеге кенет тіл бітіп, батыл—батыл сөйлегеніне сүйсініп қалды.

— О—о! Мәкең мықты, Мәкең үшін тағы да бір алып жіберейік, жігіттер! — деп орнынан тұрды.

Адам болып ес білгелі, кісі болып қызмет істегелі өзінен үлкен бастықтың бетіне қарап тік келгені осы еді, өзінің белгілі әні “құрыдымға” басып сұлқ отыра кетті. Талықсып барып, әрең құламай қалды. Осы бір

оқыс қылығы арқылы бастығына ұнап, со қылық бұның тағдырының күрт өзгеруіне себепші боларын ол қайдан білсін.

* * *

Мирас нілдей бұзылды, ондайды Әли күтпеген, досының көңілді қалпын көріп риза еді; қанша дегенмен Мирас бұл өлкеге қонақ, ал қонақ сынап жүреді, сынап кетеді, ертеңгі күні астанаға оралған соң елің сондай, елің мұндай екен, кісі күте білмейді екен деп жүрсе жақсы ма. Алматыдан телефон шалғанда “сенің еліңе барамын, ара-лат, көрсет” деген жоқ па? Әли алғашқы күндері қысылып-ақ жүрген, сондықтан да Мамыржанға салмақ салып күндіз-түні ішіп-жеу жағына тарта бергені содан. Енді мына Омар жолығып қонақ күтімі жүйелі жолға түскеніне Әли мәз. Ауыр жүк жеңілейгендей еді. Күні бойы жарқылдап жүрген Мирастың қабағы кенеттен шытыла қалғанда Әли неге жоруды білмейді. Не ұнамай қалды деп дал. Шахтаға түсті — балаша қуанып жүрмеді ме. Биллиард ойнады, бірде ұтты, бірде ұтылды, қапаланатын не бар. Катерге мініп теңізге шықты, алыстағы жағада, тау қойнауында бұғып тұрған ақ үй — резиденцияны мақтап, резиденция маңында өскен бес ақ терекке таңырқап, “бұ жақта жиі кездесе бермейтін ыстық жақтың терегі қайдан келді екен?” деп бас шайқап, ара-тұра ыстық шәй әкеліп сусын ашып жүрген Машамен қалжыңдасып қойып жарқын жүрген, енді не бола қалғанын. Ілтифаттан кенде емес, кеше Мамыржанның үйінде болған Ұлмекен деген келіншектің күйеуі Досым кешке үйіне шақырған. “Бұ қалада ешкімнің үйіне бармаушы едім, өзім де ешкімді шақырмаушы едім, сіздер үшін, мына ауылдасым Мирас үшін енді бармасқа болмас” деп Омар да көнген. Қонаққа барар алдында біраз тынығып алмаққа, сағат тоғызда Досымның үйінде ұшыраспаққа уәделесіп тарасқан. Енді міне, қонақ үйге келісімен Мирас Әлиге тосын шешімін айтты:

— Мен қонаққа бармаймын. Мен Алматыға қайтамын!— деді. Мұндайды Әли күтпеген, тығылып қалды. Әп-сәтте екі көзі қыпқызыл боп құтырынып шыға келді.

— Немене, отырған орныңнан су шықты ма?

— Себебін сұрап қайтесің? Қайтамын, қазір қайтамын.

Әли креслоға отыра кетті. Не дерсің бұған. Мирас сары былғары шамаданын жинастырып болды да:

— Ал, шығарып сал мені!— деді. Бұлар төмен түсті, кезекшіге ақша төлеп, паспортын алып, қонақ үйдің қора жағына шықты. Онда Мирастың көгілдір тайпақ “Волгасы” тұрған, соның багажнигіне чемоданын салып, кілттеулі есігін ашып жатыр. Әли әлі сенбей тұр. Мирас машинаны оталдырды. Әли сенер емес, машинаның алдындағы орнына Мираспен қатар отыра кетті, Машина қорадан шықты да қаланың орталық көшесімен жүріп барып облыс орталығы — Тасқалаға баратын үлкен даңғылға түсті. Әли әлі сенер емес, Мирас